

**2023 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша
«Малыш» бөбекжайы КМҚК қызметі туралы
есеп**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39 / НҚ бұйрығына сәйкес «Малыш» бөбекжайы КМҚК «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметінің 1 түрін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет «Индиго» «Электрондық балабақша» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта көрсетіледі. Қызмет «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес көрсетіледі.

2023 жылы 30 электрондық қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында қойылған міндеттерді іске асыру үшін тиісті жұмыс жүргізіледі.

Ата-аналарды хабардар етуге және ашықтық үшін **Malish Bobekjayi** _ инстаграмм парақшасында мемлекеттік қызметті ресімдеудің жаңа талаптары орналастырылды. Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушының құқықтары, көрсетілетін қызметті берушілердің міндеттері жарияланды.

Ұйымда электрондық қызметті алу үшін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы құрылды және жұмыс істейді. Мектепке дейінгі мекемеде мүмкіндігі шектеулі жандар мемлекеттік қызмет алу үшін жауапты тұлға бар. Ақпараттық стенд ресімделді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат ұйымның инстаграммында орналастырылды. Ақпаратты жаңарту үнемі жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, педагогтар, мемлекеттік қызмет бойынша ақпаратты орналастыру кестесіне сәйкес тұрақты негізде: буклеттер, ақпараттық парақтар және т. б. орналастырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша барлық жұмыс басты мақсатқа – «Малыш» бөбекжайы КМҚК-ның ұсынатын мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

«Малыш» бөбекжайы КМҚК директоры

Е.Трусова

